

## Көшелерді қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Алмасай ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 12 қарашадағы № 5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 қарашада № 7823 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 - бабының 2 - тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 - бабының 4) тармақшасына сәйкес, Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының 2020 жылғы 17 маусымдағы қорытындысы негізінде, Алмасай ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Алмасай ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұлан ауданының Алмасай ауылының келесі көшелері:

"Наурыз" көшесі "Хамза Байтиков" көшесі;

"Жаңа – Алмасай" көшесі "Сәбира Оспанова" көшесі;

атауы жоқ көшесі "Қабдығали Қабдыраш" көшесі болып қайта аталсын.

2. "Алмасай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Ұлан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін Ұлан ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алмасай ауылдық округінің әкімі*

*Т. Оспанов*